



**БЕКІТЕМІН:**  
**Абай облысының білім**  
**басқарма басшысы**  
**Н.Ахметкалиев**

## **«Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының облыстық кезеңін өткізу ережесі.**

### **I. Жалпы ережелер**

«Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауының облыстық кезеңін (бұдан әрі – Фестиваль-байқау) өткізу қағидалары оның мақсатын, міндеттерін, оны ұйымдастыру форматын, өткізу және қорытынды шығару тәртібін анықтайды.

1. **Фестиваль-байқаудың мақсаты:** өскелең ұрпақты рухани- адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеудің, тұлғаның үйлесімді дамуының факторы ретінде балалар мен жастар театр шығармашылығын қолдау және дамыту, өзін-өзі көрсетуге, әлемді эстетикалық және бейнелі түсінуге бірегей қабілеттерді қалыптастыру және дамыту, балаларды қосымша біліммен қамту.

#### **2. Фестиваль-байқаудың міндеттері:**

- балалар шығармашылық бірлестіктерінде білім беру қызметінің сапасын арттыру;
- өзін-өзі көрсетудің, әлемді эстетикалық және бейнелі түсінудің бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- сахна мәдениеті мен шеберлігінің жоғары деңгейіне жеткен балалар мен жастар театр ұжымдарын, дарынды орындаушылар мен кәсіби педагогтарды, балалар мен жастар театр ұжымдарын ұйымдастырушыларды анықтау;
- балалар мен жастардың жаңа театр ұжымдарын құруды ынталандыру; балалар мен жастардың бос уақытын сапалы ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- балалар мен жастар театр ұжымдары арасындағы шығармашылық қарым-қатынас, тәжірибе алмасу үшін жағдай жасау.

3. Фестиваль-байқаудың облыстық кезеңін Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес «Абай облысы білім басқармасы» ММ «ДпҚББД ОҒӘ «Дарын» орталығы» КМҚК **офлайн форматта** өткізеді.

4. Қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамдарын фестиваль-байқаудың ұйымдастырушылары қалыптастырады, Фестиваль- байқауды өткізеді және қорытындысын шығарады.

### **II. Фестиваль-байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі**

1. Облыстың аудан, қалаларының (Семей, Курчатов) білім бөлімдерінің басшыларының қолы қойылған ілеспе хат **2024 жылғы 03 мамырына дейін [korkem.daryn@mail.ru](mailto:korkem.daryn@mail.ru)** электронды поштаға қабылданады.

## 2. Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

- өтінім, қатысушылар туралы мәліметтер (туу туралы куәлік немесе жеке куәлік бойынша толтырылған Т. А., туған жылы, сыныбы, оқу орны, білім беру ұйымының мекенжайы мен үйі мекенжайы, телефоны);
- топ жетекшісінің Т. А. Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны;  
[www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтеме. Бейне сапалы, тоқтаусыз бір роликпен жазылуы керек. Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды.

Қатысушылар мен топ жетекшісі туралы берілген мәліметтердің дұрыстығы мен нақтылығы үшін жіберуші тарап жауапты болады.

Фестиваль-конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

## 3. Фестиваль-байқаудың қатысушылары:

Фестиваль-байқауға аудандық, қалалық (Семей, Курчатов) кезеңдердің жеңімпаздары – жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының балалар театр ұжымдары қатысады.

Фестиваль-байқауға қатысушылардың жасы – 8-17 жас. (әр өңірден 7 қатысушы).  
Фестиваль-байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі

## 4. Фестиваль-байқаудың іріктеу кезендері:

бірінші кезең (іріктеу) – өңірлік:

аудандық (қалалық);

облыстық, қалалық

екінші кезең (қорытынды) – республикалық Фестиваль-байқау.

Фестиваль-байқау келесі **номинациялар** бойынша өткізіледі:

«Драмалық спектакль»;

«Музыкалық спектакль» (опера, оперетта, мюзикл, балет, данс- спектакль және т.б.);

«Әдеби-музыкалық композиция»;

«Қуыршақ қойылымы».

Ұжым спектакльдің немесе әдеби шығарманы сахналаудың мағынасы бойынша аяқталған байқау жұмыстарын қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынады (ұзақтығы – 15-20 минут).

Театр ұжымы [www.youtube.com](http://www.youtube.com) арнасында орналастырылған бейнематериалға сілтемені [korkem.daryn@mail.ru](mailto:korkem.daryn@mail.ru) электронды поштаға жібереді. Сапалы бейнематериал үзіліссіз тұтас бір роликпен жіберіледі. Әр түрлі қойылымдардың «кесінділері» қарастырылмайды. Кейіпкерлерді дыбыстау үшін мәтіннің бұрын жазылған ескі фонограммаларын пайдалануға жол берілмейді.

Фестиваль-байқауды кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

## 5. Театр қойылымдарын бағалау критерийлері:

-режиссерлік шешімнің бірегейлігі;

-қойылымның ұжымның жасына және шығармашылық мүмкіндіктеріне сәйкестігі;

-спектакльді, қойылымды көркем безендіру; спектакльдің, қойылымның музыкалық безендірілуі; орындаушылардың актерлік шеберлігі;

-орындаушылық шеберлік (дикция, интонациялау тазалығы, әртістік); сахналық бейненің сенімділігі.

Фестиваль-байқаудың облыстық кезеңі қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар гран-при, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификат беріледі. Гран-при иегері Фестиваль-байқаудың республикалық кезеңіне қатысады.

**Анықтама телефоны: +7 7082600405**

**«Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауына қатысуға өтінім**

1	Білім беру ұйымы	
2	Театр ұжымының аталуы	
3	Театр ұжымы жетекшісінің Т. А. Ә.	
4	Жетекшінің байланыс телефоны	
5	Қатысушылар саны	
6	Спектакльдің, көрсетілімнің аталуы	
7	Жанр бағыты: драма, музыкалық, қуыршақ, балет, пантомима; көркем сөз (керегін сызу)	
8	Шығарма авторы	
9	Спектакльдің ұзақтығы	

Театр ұжымына қатысушылар тізімі

№	Қатысушы Т.А.	Туған күні	Оқу орны, сыныбы	Тұрғылықты мекенжайы	Телефон	Театр ұжымы жетекшісін ің Т.А.Ә.	Жұмыс орны, лауазымы, телефоны
1							